**Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды қолдау жөніндегі 2007-2009 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 5 ақпандағы N 83 Қаулысы

« "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды қолдау жөніндегі 2007-2009 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар:

1) Іс-шаралар жоспарының уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) жарты жылдықтың және жылдың қорытындылары бойынша 10 шілдеге және 10 қаңтарға қарай Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жыл сайын 20 шілдеге және 20 қаңтарға қарай Қазақстан Республикасының Үкіметіне Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы жиынтық ақпаратты ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы 5 ақпандағы
N 83 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды қолдау жөніндегі 2007-2009 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары**

| Р / с N № | Іс-шаралар | Аяқтау нысаны | Жауапты орындау-шылар | Орын-дау мерзі-мі | Болжам-ды шығыс-тар (млн. теңге)* | Қаржы-ландыру көздері |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1. Мектепке | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **дейінгі тәрбие мен оқытуды қамтамасыз ету мәселелеріндегі үйлестіруді жүзеге асыру** | | | | | | |
| 1. | Кеңес құрамына мүдделі аумақтық органдардың, ведомстволардың, ата-аналар коғамдастығының және ҮЕҰ-ның өкілдерін енгізе отырып, облыстар, Астана және Алматы қадалары әкімдерінің жанынан Мектепке дейінгі тәрбие жөніндегі үйлестіру кеңестерін құру | Әкім-діктер-дің қаулы-лары, ҚР Білім-миніне ақпарат | Облыстар-дың, Астана және Алматы қалала-рының әкімдері | 2007 жылғы 10 шілде | Талап етіл-мейді | |
| 2. | Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, тәрбие мен оқыту жүйе-сінің жай-күйіне жыл сайын мониторинг жүргізу | ҚР Білім-миніне ақпарат | Облыс-тардың, Астана және Алматы қалала-рының әкімдері | жыл сайын 10 қаң-тарға | Талап етіл-мейді | |
| **2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың өңірлік жүйесін күшейту** | | | | | | |
| 3. | "Балабақшаға барамыз" атты мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды қолдаудың өңірлік жоспарларын әзірлеу | Әкім-діктер-дің қаулы-лары, ҚР Білім-миніне ақпарат | Облыс-тардың, Астана және Алматы қалала-рының әкімдері | 2007 жылғы 10 шілде | Талап етіл-мейді | |
| | Мектепке дейінгі ұйымдар | Әкім-діктер-дің қаулы-лары, | Облыс-тардың, Астана және | 10 қаңтар, 10 шілде, | 9183,4 2008 ж. - 4073,2 | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 4. | салуды жүзеге асыру | ҚР Білім-миніне ақпарат | Алматы қалала-рының әкімдері | 2008-2009 жылдар | 2009 ж. - 5110,2 | Жергі-лікті бюджеттер |
| 5. | Мектепке дейінгі шағын орталықтарды, мектепке дейінгі жастағы балалар-ды түзеу оларға инклюзивтік білім беру кабинеттерін құру | Әкім-діктер-дің қаулы-лары, ҚР Білім-миніне ақпарат | Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 10 қаңтар, 10 шілде, 2008-2009 жылдар | 509,1 2008 ж. - 293,6 2009 ж. - 215,5 | Жергі-лікті бюджеттер |
| 6. | Бұрын жабылып қалған мектепке дейінгі ұйымдарды қалпына келтіру | Әкім-діктер-дің қаулы-лары, ҚР Білім-миніне ақпарат | Облыс-тардың, Астана және Алматы қалала-рының әкімдері | 10 қаңтар, 10 шілде, 2008-2009 жылдар | 4588,2 4585,2 2008 ж. - 2874,4 2009 ж. - 1710,8<br>3,0 2008 ж. - 1,5<br>2009 ж. - 1,5 | Жергі-лікті бюджеттер<br>Жеке инвес-тициялар |
| 7. | Балаларды ерте жастан дамыту бағдарламаларын енгізу жөніндегі білім беру ұйымдарының базасында ата-аналарға арналған консультация пункттерін, демалыс күнгі топтарды ашу | Әкімдік-тердің қаулы-лары, ҚР Білім-миніне ақпарат | Облыс-тардың, Астана және Алматы қалала-рының әкімдері | 10 қаңтар, 10 шілде, 2008 -2009 жылдар | 51,7 2008 ж. - 11,5<br>2009 ж. - 40,2 | Жергі-лікті бюджеттер |
| 8. | Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарды күрделі жөндеуді қамтамасыз ету | Әкімдік-тердің қаулы-лары, ҚР Білім-миніне ақпарат | Облыс-тардың, Астана және Алматы қалала-рының әкімдері | 10 қаңтар, 10 шілде, 2008-2009 жылдар | 3106,8 2008 ж. - 1374,6 2009 ж. - 1732,2 | Жергі-лікті бюджеттер |
| 9. | Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарды компьютерлен- | Әкім-діктер-дің қаулы-лары, ҚР | Облыс-тардың, Астана және Алматы | 10 қаңтар, 10 шілде, | 756,0 755,7 2008 ж. - 272,0 2009 ж. - 483,7<br>0,3 | Жергі-лікті бюджеттер |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | діруді қамтамасыз ету | Білім-миніне ақпарат | қалаларының әкімдері | 2008 - 2009 жылдар | 2008 ж. - 0,15<br>2009 ж. - 0,15 | Жеке инвести-циялар |
| 10. | Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиеленушілерін оқу-көрнекі құралдарымен қамтамасыз ету | Әкім-діктер-дің қаулы-лары, ҚР Білім-миніне ақпарат | Облыс-тардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 10 қаңтар, 10 шілде, 2008 -2009 жылдар | 462,725 462,7<br>2008 ж. - 209,2<br>2009 ж. - 253,5<br>0,025<br>2008 ж. - 0,01<br>2009 ж. - 0,015 | Жергілікті бюджеттер<br>Жеке инвестициялар |
| 11. | Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарды балалар жиһазымен, тамақтар блогы жабдығымен қамтамасыз ету | Әкім-діктер-дің қаулы-лары, ҚР Білім-миніне ақпарат | Облыс-тардың, Астана және Алматы қалала-рының әкімдері | 10 қаңтар, 10 шілде, 2008 -2009 жылдар | 1051,8 1050,4<br>2008 ж. - 451,0<br>2009 ж. - 599,4 1,4<br>2008 ж. - 0,6<br>2009 ж. - 0,8 | Жергілік-ті бюджеттер<br>Жеке инвести-циялар |
| 12. | Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарды ойыншықтармен, ойын және дене шынықтыру жабдығымен қамтамасыз ету | Әкімдік-тердің қаулы-лары, ҚР Білім-миніне ақпарат | Облыс-тардың, Астана және Алматы қалала-рының әкімдері | 10 қаңтар, 10 шілде, 2008 -2009 жылдар | 719,9 715,2<br>2008 ж.- 325,2<br>2009 ж. - 390,0<br>4,7<br>2008 ж. - 2,9<br>2009 ж. - 1,8 | Жергі-лікті бюджеттер<br>Жеке инвести-циялар |
| **3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің білім беру сапасын қамтамасыз ету** | | | | | | |
| 13. | "Мектепке дейінгі балалық шақ" өңірлік орталықтарын құру | Әкімдік-тердің қаулы-лары, ҚР Білім-миніне ақпарат | Облыс-тардың, Астана және Алматы қалала-рының әкімдері | 10 қаңтар, 10 шілде, 2008-2009 жылдар | 153,15<br>2008 ж. - 5,0<br>2009 ж. - 148,15 | Жергі-лікті бюджеттер |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 14. | "Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту" индикаторын есептеу әдістемесін әзірлеу | Әдістемелік ұсынымдар | ҚР Біліммині ҚР Статистика агенттігі | 2008 жылғы 1-тоқсан | Талап етілмейді | |
| 15. | Отбасылық балабақшалардың, "мектеп-бала-бақша" кешенде-рінің, мектепке дейінгі балалар-ды түзеу және оларға инклюзив-тік білім беру кабинеттерінің, ата-аналарға арналған консультация пункттерінің қызметін ұйымдастыру туралы үлгі ережелер әзірлеу | Бұйрық | ҚР Біліммині | 2008 жылғы 1-тоқсан | Талап етілмейді | |

Жиыны:
2007-2009 жылдар 20582,775
2007 ж. - 0
2008 ж. - 9894,86
2009 ж. - 10687,915
20573,35 Жергілікті бюджеттер
2008 ж. - 9889,7
2009 ж. - 10683,65
9,425 Жеке инвестициялар
2008 ж. - 5,16
2009 ж. - 4,265

Ескертпе:
* іс-шараларды қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттерді жоспарлаған кезде нақтыланатын болады.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:
ҚР Біліммині Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ҚР Статистика агенттігі — Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

ҮЕҰ — үкіметтік емес ұйымдар

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК